

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 22 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 6547 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 наурыздағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің 16.03.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Мағжан Жұмабаев ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 13 тамыздағы № 145 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышенка ауылында орналасқан "Шупанов" шаруа қожалығы, "Шупанов" жеке кәсіпкерінің аумақтарында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

В. Соколов